

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР, ҚОРҒАНЫС ЖӘНЕ  
ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІНІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ

2021 жылғы 9 ақпан

Отырысты Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы М.А. ҚҰЛ-МҰХАММЕД жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті әріптестер мен отырысқа шақырылған лауазым иелері! Бүгін бізде екі отырыс болады, алдымен комитеттің кеңейтілген отырысы, одан кейін комитеттің әдепкі отырысы. Екі бірдей отырысты өткізуге қажетті кворум бар. Қарсы болмасаңыздар жұмысқа кірісейік.

Кеңейтілген отырыстың күн тәртібінде бір ғана мәселе қаралады. Күн тәртібі алдарыңызда, қарсылық болмаса, бекітейік.

ОРНЫНАН. Бекітейік.

ТӨРАҒА. Күн тәртібінде «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы қаралады.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Нұрышев Шахрат Шәкизатұлына беріледі.

Шахрат Шәкизатұлы, бұл мәселені біз бірнеше рет талқыладық, өткенде сіз комитеттің кездесуінде жан-жақты баяндама жасадыңыз, инфографикалық материалдарды, статистикалық деректерді бердіңіз. Біз олардың барлығымен танысып шықтық, сондықтан қысқаша баяндама жасауыңызды өтінемін.

НҰРЫШЕВ Ш.Ш. Құрметті Мұхтар Абрарұлы, құрметті депутаттар! Қарауларыңызға енгізілген заң жобасы қазақстандық дипломаттардың әлеуметтік қорғалуын арттыруға және дипломатиялық қызмет органдарының қызметін жетілдіруге бағытталған.

Заңға келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделген:

1. Дипломатиялық қызмет ардагерлерінің әлеуметтік қорғалуын арттыру мақсатында заңда «Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің ардагері» ұғымын бекіту ұсынылады.

Төтенше және Өкілетті Елші, халықаралық ұйымдар жанындағы тұрақты (өкілетті) өкіл қызметін атқарған немесе Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық дәрежесі бар дипломатиялық қызмет ардагерлеріне Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен және мөлшерде ай сайын ақшалай төлем төленетін болады. Бұл санатқа өздеріңіз білетіндей мемлекеттік қызметте жалпы еңбек өтілі 25 жыл, дипломатиялық қызметте 15 жыл жұмыс істеген қызметкерлерді жатқызу көзделген болатын. Талқылау барысында Парламент Сенатының депутаттары дипломатиялық қызмет органдарында жұмыс жылдарын 15

жылдан 10 жылға дейін азайтуды ұсынды. Бұл ұсыныс бүгін Үкімет отырысында қолдау тапты. Қосымша ақшалай қаражат бөлуді Республикалық бюджет комиссиясы үстіміздегі жылдың 25 қаңтарында қолдады.

2. Әлемдік саясат пен экономика саласында іргелі және ғылыми зерттеулер жүргізу мақсатында дипломатиялық қызмет органдары жүйесіне ғылыми мекемелерді кіргізу ұсынылады. Бұл Сыртқы істер министрлігіне қарайтын Сыртқы саяси зерттеулер институтының мәртебесін арттырып, оның қызметінің негізгі бағыттарын бекітуге мүмкіндік береді.

3. «Дипломатиялық пошта» ұғымын енгізіп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Сыртқы істер министрлігінің және басқа да мемлекеттік органдардың дипломатиялық поштаны жинақтау, ресімдеу және жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі функцияларын бекіту ұсынылады.

4. Дипломатиялық қызметтің ерекшеліктерін назарға ала отырып Сыртқы істер министрлігіне жұмысқа орналасуға ниет білдірген азаматтарға шет тілін міндетті түрде білу жөніндегі талап қойылады.

5. Бұрын Қазақстан Республикасынан халықаралық ұйымдарға жұмысқа жіберілген дипломатиялық қызмет персоналына конкурстық рәсімдерсіз Сыртқы істер министрлігіне қайта жұмысқа орналасуға кепілдік беретін норма енгізу ұсынылады.

6. Алматы қаласындағы Сыртқы істер министрлігі өкілдігін заңды тұрғыдан бекіту арқылы оның заңды мәртебесін анықтау және шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың дипломатиялық өкілдіктері алдында өкілдіктің маңыздылығын арттыру көзделген.

7. Шет елдердегі мекемелер жұмысының ерекшелігін ескере отырып олардың шаруашылық қызметі мен қаржылық тәртібіне байланысты мәселелерді жүйеге келтіруге қатысты өзгерістер қарастырылуда.

Сондай-ақ заң жобасында бұрынғы құқықтық оқшылықтарды жою арқылы жалпы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру қарастырылған.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінде құрылған жұмыс тобындағы талқылау барысында заң жобасының редакциялық бөлігі пысықталды және басқа заңнама актілермен сәйкестендірілді. Кейбір түзетулер 29 қарашада өткен кездесуде талқыланды.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде осы заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Шахрат Шәкизатұлына қоятын сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Сұрақтар жоқ, өйткені ол көптен бері біздің комитетте қаралып келе жатқан заң, қойылатын сұрақтардың барлығы бұған дейін қойылған, тиісті жауаптар алынған. Бір ғана нәрсені сіздердің қаперлеріңізге салып кеткім келеді, біздің қосып отырған принципіалды өзгертуіміз Шахрат Шәкизатұлы айтқан 15 жылдан 10 жылға түсіру

жөніндегі мәселе. Ол сұрақ бүгінгі күні Үкімет отырысында қаралу үстінде. Оның оң нәтижелі болатынына біз сенеміз, өйткені Үкімет басшысы оны қолдап отыр. Жауап бізге жазбаша келіп түсу керек, ол жауапты бүгін жұмыс күнінің аяғына дейін аламыз деп есептейміз.

Кеше мен Бюрода осы мәселені Сенат Төрағасына жеткіздім, өйткені келесі отырыстың күн тәртібіне шығаратын мәселелерді дүйсенбі күнгі деректермен өлшейміз. Кеше осылай болатынын білгендіктен ол кісілер келесі отырыстың күн тәртібіне енгізіліп отыр, яғни бір күннен кейін болатын Сенаттың жалпы отырысы. Принципті түрде шешілген мәселе болғандықтан бұл мәселені де қолдауларыңызды мен сұраймын және сіздерге қосымша ақпарат ретінде жеткізіп отырмын.

Егер басқа сұрақтар болмаса қосымша баяндама жасау үшін сөз сенатор Қожамжаров Қайрат Пернешұлына беріледі.

ҚОЖАМЖАРОВ Қ.П. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бірнеше рет талқыланды. Естеріңізде болса, өткен жиында қарастырған кезде сенаторлардан 14 ескерту мен ұсыныс келіп түскен болатын. Бүгінгі күні соның үшеуі қалып отыр, ол сіздерге ұсынылған кестеде орын тауып отыр. Біздің әріптесіміз атап өткендей, олар 1) «дипломатиялық қызмет ардагері» ұғымын тағайындау үшін арнайы өкілетті 15 жылдан 10 жылға төмендету, 2) сол бойынша арнаулы төлемдерді 2022 жылғы 1 қаңтар бастап төлеу және 3) дипломатиялық поштаның дипломатиялық қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің жеке мүддесі үшін қолдану құқығын заң жобасынан алып тастау. Оған бірнеше себеп бар, олар 1961 жылы дипломатиялық қатынастыр туралы Вена конвенциясының 27-бабының 4-тармағына сәйкес дипломатиялық поштада дипломатиялық құжаттар мен ресми пайдалануға арналған заттар болу қажет. Аталған конвенцияны Қазақстан Республикасы 1993 жылы ратификациялаған болатын, сол себепті Ата заңымыздың 4-бабының 3-тармағына сәйкес республика бекіткен халықаралық шарттардың республика заңдарынан басымдығы танылатынын сіздер білесіздер.

Сонымен қатар «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Кодекстің 384-бабының 4-тармағына сәйкес дипломатиялық пошта ресми пайдалануға арналған дипломатиялық құжаттар мен тауарларды қамтуы мүмкін. Кодекстің басқа заңдардан бір саты жоғары тұратынын сіздер тағы да білесіздер, осыған байланысты біздің комитет ұсынылып отырған норманы заң жобасынан алып тастауды ұсынды.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар салыстырмалы кестеде жинақталған. Осыған орай комитет қарастырып отырған заң жобасына өзгерістер мен толықтыруларды Сенат отырысының қарауына енгізуді ұсынамыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Қайрат Пернешұлына қоятын сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Мәселені талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Баяндамашы Шахрат Шәкизатұлы барлық өзгерістер жөнінде мағлұмат берді. Қайрат Пернешұлы заң жобасын Сенат қабырғасында талқылау кезінде түрлі комитеттерден 14 ескерту мен толықтыру енгізілгендігін, сол ескертулердің үшеуі принципті мағынада екендігін, оның үшеуі бойынша заң жобасының бастамашыл тобы Сыртқы істер министрлігі мен Қазақстан Үкіметінің келісім бергендігін, олардың бюджеттен қосымша қаражат қажет етпейтіндігін және Ата заңымызға сәйкес екендігін дәлелдеп көрсетіп берді. Сол себепті аталған үш ескертумен бүгінгі отырыста заң жобасын мақұлдап, оны Сенаттың жалпы отырысына шығару жөнінде шешім қабылдауды назарларыңызға ұсынамын. Қарсылық бар ма?

ОРНЫНАН. Қолдаймыз.

ТӨРАҒА. Комитет мүшелері бірауыздан қолдап отыр.

Сенат отырысында аталған заң жобасы бойынша Премьер-Министрдің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұхтар Бескенұлы Тілеуберді мырза баяндама жасайды. Қосымша баяндаманы Қайрат Пернешұлы жасайтын болады. Қолдау сөзді сенатор Дана Өмірбайқызы айтады.

Осымен бүгінгі комитеттің кеңейтілген отырысының күн тәртібіне шығарылған мәселе аяқталды. Жиналысқа қатысып өз пікірлеріңізді білдірген және білдіруге дайын отырған лауазым иелерінің баршасына рақметімізді айтамыз. Сау болыңыздар.

НҰРЫШЕВ Ш.Ш. Қолдауларыңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ТӨРАҒА. Осымен комитеттің кеңейтілген отырысын жабық деп жариялаймын. Комитеттің жалпы отырысына көшеміз.

## ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

Халықаралық қатынастар, қорғаныс  
және қауіпсіздік комитетінің төрағасы

М. Құл-Мұхаммед

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық  
камтамасыз ету басқармасының инженерлік  
орталығы» РМК директоры

А. Құсайынов

ОРЫНДАҒАН:

Стенографиялау қызметінің  
жетекші редакторы

И. Шыныбаева